

**6D020500 –«Филология» мамандығы бойынша философия  
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған**  
**Садықова Раиса Төлеуқызының**  
**«Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Габбасұлы мұрасы:  
шығармашылық ықпалдастық»**  
**атты диссертациясына**  
**ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

ХХ ғасыр басында Әлихан Бекейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстарының үлкен бір шығармашылық шоғыры – қайта өрлеу ауқымындағы ірі тұлғалар. Бұл тұлғалар халық санасынан өшпей, өнеге зердесінде мәңгіге жазылып қалды. Олар үлт мәдениеті мен әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып, қоғамды жаппай ағарту міндептін өз мойнына алды. Демократия, ағартушылық, азаттық рухындағы елдік істер зиялыштарды әрі жазушы, әрі журналист, әрі публицист, әрі ғалым, әрі саяси қайраткер ретінде жетілдірді. Үлт-азаттық идеясын салаландырған Алаш қозғалысы көшбасшыларының суреткер, ойшил, қаламгер қасиеттері жалпы адамзаттық рухани өлшем тұрғысынан аса жоғары баға алады. Олар ХХ ғасырдың басындағы әдебиет пен руханият айдынына публицистика, оның ішінде саяси көсемсөз арқылы келіп, ерекше мәдени талғам, тәжірибе, үрдіс қалыптастырды.

Елімізде Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Халел Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жұсіпбек Аймауытұлы, Қошке Кеменгерұлы, Смағұл Садуақасұлы т.б. ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызметіне арналған біршама іргелі зерттеулер бар. Алайда сол қатардағы ірі тұлға, Алашорда үкіметінің мемлекеттік қайраткері, «Сарыарқа» газетінің редакторы, Мәскеу университетінің түлегі Халел Габбасұлы осы уақытқа дейін арнайы ғылыми зерттеу нысанасы болған емес. Оның көсемсөздік еңбектері, сол кездегі баспасөз бер әдебиетке әсер еткен идеялары, атқарған рухани қызметі сөзсіз кешенді зерделеуді талап етеді.

Ұсынылып отырған диссертацияда Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, публицист, Алаш үні - «Сарыарқа» газетінің редакторы Халел Габбасұлының әдеби-көсемсөздік мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымында тұнғыш рет ғылыми тұрғыда қарастырылып отыр.

Диссидент Алаш арыстары туғызған азаттық рухындағы үлт баспасөзін, оны дамытудағы Халел Габбасұлының әдеби-көсемсөздік еңбектерін тарихи-салыстырмалы әдіспен қарастырып, алдына қойған мақсатын орындаі алған.

Диссертация құрылымының жүйелік сипаты жұмыстың нәтижелі болуына бағытталған. Зерттеушінің теориялық тұғыры берік, қамтылған тарихи-деректік материал көлемі жеткілікті. Алынған әрбір нәтиже ғылыми негізделген тұжырым ыңғайында беріліп отырған.

Жұмыстың кіріспесінде тақырыптың көкейкестілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік мәні нақты айқындалған.

Халел Фаббасұлының өмірі мен қызметіне, араласқан Алаш арыстары мен ұлт зиялышарына қатысты деректер, мұрағат материалдары өзара салыстырылып, талданып, тұжырымды пікірлер ұсынылған.

«Семейлік әдеби ортаның XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси, әдеби-мәдени үдерістегі орны» деп аталатын бірінші тарауда Халел Фаббасұлының әдеби-көсемсөздік мұрасына негіз және өзек болған жайларды жергілікті ортамен байланыста жан-жақты қаастырған. Алаш арыстары мен Абай шәкірттерінің ұлттық автономия құрып, көркем туындылары мен саяси көсемсөздері арқылы ел болашағы үшін халыққа жол көрсете білгені дәлелденіп, талданған. Диссертант түрлі дәйектер мен пікірлерге тоқталып, алшақтықтар мен қайшылықтарды атап өтіп, өз тұжырымын байыптаған.

Ұлттық баспасөзді қалыптастырып-дамытқан, ғасыр басында еліміздің мемлекетшіл арқауын жалғаған Алашорда үкіметінің саяси үні, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани бесігі – Семейдің әдеби ортасында тұған мерзімді басылымдар. Диссертант бұл тұжырымын мысалдармен дәлелдейді. Зерттеу барысында XX ғасыр басындағы ұлт тағдырына қатысты өзекті мәселелер мен көкейкесті тақырыптар айқындалған.

«Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Фаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» деп аталатын екінші тарауда диссертант Алаш арысының шығармашылық ғұмырына тереңірек үніледі. Елдің жарқын болашағы мен Алаш автономиясының ертеңі жолындағы қайраткер еңбектері ғылыми түрғыдан талданған. Халелдің Алаш қозғалысының көрнекті тұлғасы дәрежесіне дейінгі күрескерлік соқпағы таразыланған.

Диссертацияда белгіленген нәтижелерге қол жеткізуде автордың жеке үлесі мыналар:

- XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси, әдеби және рухани үдерістегі семейлік әдеби ортаның орны мен рөлін қаастырған;
- Алаш арыстарының Семей әдеби ортасына бірігуінің қоғамдық, саяси, рухани, әдеби, мәдени себептері талданған;
- Халел Фаббасұлы мен Алаш қайраткерлері публицистикасында көтерілген ұлттық қағидаттардың мәні және олардың қазақ көсемсөз тарихындағы маңызы теориялық түрғыдан зерттелген;
- Халел Фаббасұлы көсемсөзінің ерекшелігі анықталып, жүйеленген;

- Алаш қозғалысындағы Халел Габбасұлының қоғамдық-саяси қызметі нақты мұрағаттық деректер негізінде зерделенген;

- отандық филология және тарих ғылымдарына белгісіз болып келген Халел Габбасұлы өмірбаянының елеулі фактілерді ғылыми айналымға енгізілді.

Диссертация нәтижелері Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, қаламгер Халел Габбасұлының ұлт өмірін жаңғыртуға бағытталған қоғамдық-ағартушылық және публицистикалық қызметін жан-жақты ашып көрстетуге, көсемсөз саласындағы негізгі ұстанымдары мен қағидаттарын жаңаша пайымдауға, сондай-ақ әдебиет пен мәдениеттің, Қазақ елі мен әлемнің өз тұсындағы интеграциясын күшетуге, рухани құндылықтардың маңызын Төуелсіздік мұратымен сабактастыруға ықпал етеді.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер PhD диссертациясына қойылатын талапқа жауап береді. Таразулар арасында құрылымдық және логикалық байланыс сақталған. Диссиденттант ғылыми жұмыста қойылған мақсат мен міндеттерін толықтай орындаған. Жұмыс нәтижелерінің ғылыми-теориялық, практикалық маңызы жоғары.

Диссертация «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келетіндіктен, Садықова Раиса Телеуқызы «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Габбасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» атты еңбегі үшін 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

### Ғылыми кеңесші

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры,  
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының  
докторы, профессор

